

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Электрсамокат DEXP Kid

Мазмұны

Сақтық шаралары.....	4
Құрамында литий бар АКБ-мен жұмыс істеу бойынша ұсынымдар.....	6
Құрылғының схемасы	8
Тірек биіктігін реттеу	10
Пайдалану	10
Жұмысты бастау.....	10
Берілістерді ауыстыру	10
Автосөндіру.....	11
Жарықтандыру	11
Жүргізу.....	11
Тежеу	11
Жылдымдықты арттыру.....	11
Зарядтау.....	11
Тазалау және күтім жасау	11
Жиынтықтылығы	12
Техникалық сипаттамалары.....	12
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	13
Қосымша ақпарат.....	13

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағыныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының арналуы

Электрсамокат — бұл электр жетегі көмегімен жүретін қозғалыс құралы.

Сақтық шаралары

- Бұл құрылғыны балалар тек ересектердің бақылауымен ғана пайдалана алады.
- Құрылғы жеке пайдалануға арналған, онымен жолаушыларды тасымаңыз.
- Міндетті түрде жеке қорғаныш құралдарын пайдаланыңыз: дұлыға, тізеқаптар, шынтаққаптар, қолғаптар, білектерге арналған қалқаншалар және т.б.
- Құрылғыны тек рұқсат етілген орындарда ғана пайдаланыңыз.
- Құрылғыны пайдаланар алдында оны басқаруды үйрену қажет. Құрылғыны сынау үшін тегіс және ашық елсіз кеңістікте іске қосыңыз.
- Электрсамокат секіруге, трюк жасауға және өзге де қауіпті іс-қимыл жасауға арналмаған.
- Жол жүру ережелерін сақтаңыз, басқа қозғалыс қатысушыларына дейінгі қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз. Жазатайым оқиғалар мен жарақаттарды болдырмау үшін нөсер торларымен, дөңдермен және кедір-бұдырлармен жүрмеңіз.
- Құрылғыны пайдаланған кезде абай болыңыз, оны жазық құрғақ әрі таза беттерде ғана пайдаланыңыз; дөңгелектердің жердің бетімен ілінісуін жоғалтып алмау үшін электрсамокатты қиыршықтасты жабындарда пайдаланбаңыз.
- Электрсамокатмен қозғалған кезде жол белгілерінің нұсқауларын орындаңыз. Құрылғыны жолдың жүретін бөлігінде және жаяу жүргіншілер көшелерінде пайдаланған кезде жергілікті заңнамамен қабылдаған жол жүру ережелерін сақтау қажет.
- Құрылғыны жол көрінісі нашарлаған жағдайда пайдаланбаңыз.
- Әр пайдаланар алдында бұрамалардың сенімді бекітілгенін тексеріп жүріңіз.
- Осы құрылғының сүмен байланысуына жол бермеңіз, электрсамокатты ылғалдың әсеріне ұшыратпаңыз. Құрылғының корпусына су кіруін болдырмау үшін жаңбыр, қар жауып тұрған кезде, сондай-ақ ылғалды беттерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны пайдалану және оған қызмет көрсету осы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Жол жүру кезінде құрылғыны бір мезгілде мүлікті немесе басқа адамдарды

тасу үшін пайдаланбаңыз.

- Құрылғыны көлбеуі 5°-тан асатын биіктікте пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны -5 °С-тан төмен температурада пайдаланбаңыз.
- Әр жол жүрер алдында құрылғының жай-күйі мен зарядының деңгейін тексеріп отырыңыз. Құрылғының жұмысында зақымданулар, ақаулықтар немесе іркілістер байқалған кезде сервис орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының техникалық сипаттамаларында көрсетілген максималды жүктеме мәнін сақтаңыз. Көрсетілген салмақты арттыру пайдаланушының денсаулығына зиян келтіруі және құрылғының өзін бүлдіруі мүмкін.
- Электр тогы соқпау және құрылғы бүлінбеу үшін құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз, ашпаңыз, жетілдірмеңіз. Элементтерге қызмет көрсетуді және оларды ауыстыруды сервис орталығының білікті қызметкерлері ғана жүргізуі тиіс. Осы тармақты орындамау Сізді тегін кепілді қызмет көрсету құқығынан айырады, сондай-ақ өндірушіні осының кез келген ықтимал салдары мен пайдаланушыға келтірілген залал үшін жауапкершіліктен босатады.



Назар аударыңыз!

Ойыншық 6 жастан асқан балаларға арналған.

Ересектердің тікелей бақылауымен ғана пайдаланыңыз.

Құрамында литий бар аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсыныстар

Құрметті пайдаланушы! Назар аударыңыз, сатып алған құрылғыңыз қуат көзі ретінде литий негізіндегі аккумуляторды пайдаланады. Өтініміз, төменде көрсетілген ақпаратпен мұқият танысыңыз. Бұл Сізге аккумуляторыңыздың қызмет мерзімін ұзартуға және оны пайдаланған кезде қолайсыз салдарды болдырмауға көмектеседі.

АКБ табиғи тозуы

Құрылғыны ұзақ сақтаған және ұзақ пайдаланған кезде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша – «АКБ») заряды мен сыйымдылығы азая бастайды. Құрылғыны пайдалану кезінде 300 зарядталу-зарядсыздану циклінен кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдалану), АКБ сыйымдылығы номиналды мәнінен 80 %-ке дейін төмендеуі мүмкін. 400 зарядталу-зарядсыздану циклінен кейін АКБ сыйымдылығы номиналды сыйымдылығының 60%-не дейін төмендеуі мүмкін. Сыйымдылықтың көрсетілген шектерде және уақыт кезеңдерінде ішінара төмендеуі – бұл ақаулық болып табылмайтын АКБ табиғи тозуы.

АКБ тіпті құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да зарядын жоғалтады. Зарядтың өздігінен таусылуы айына шамамен 5% құрайды. АКБ өз құрылысы бойынша ұзаққа шыдамайды және олардың пайдаланылатынына немесе пайдаланылмайтынына қарамастан үнемі деградацияға ұшырайды. Температура неғұрлым жоғары болса, және зарядтың шамасы 40 %-ке тең болып саналатын «оңтайлы» мәнінен неғұрлым алыс болса (сақталуы тұрғысынан), осы деградация соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса да, зарядты 40-50 % деңгейінде ұстап тұрған жөн.

1. Тек түпнұсқа зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз.

Аккумуляторлық батареяның зарядталу-зарядсыздану қабілетін оған кіріктірілген контроллер басқарады. Түпнұсқа жиынтық құрамына кірмейтін сыртқы зарядтау құрылғыларына мәжбүрлі түрде «тез зарядтау» режимдеріне қосуға мүлде болмайды, өйткені зарядтау мен зарядсыздандыру токтары шектелген. АКБ-ның «жад әсері» деп аталатын қасиеті жоқ. АКБ зарядсыздандыруды/зарядтауды кез келген заряд деңгейінен бастауға болады. Құрылғылардың көбінде зарядталу/зарядсыздану дәрежесі бойынша шектеу қойылған – егер, мысалы, заряд 90 %-тен көп болса, контроллер АКБ зарядталуына мүмкіндік бермеуі мүмкін. Сонымен қатар ол АКБ элементтерінің («қатты зарядсыздану» әсерінен) істен шықпауы үшін, оның толығымен зарядсыздануына мүмкіндік бермейді.

Егер АКБ зарядсызданған күйінде 2 апта және одан көп уақыт болса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі орын алады, соның салдарынан АКБ-ның өзі істен шығады.

Егер құрылғының АКБ-ның заряды таусылған болса және біраз уақыт бойы пайдаланылмаған болса, құрылғыны қайта пайдалану алдында оны шамамен 1-2 сағатқа 3Қ-ға қосып қою қажет.

2. Температуралық режимді сақтаңыз.

АКБ зарядталған күйінде +15 °С-тан +35 °С-қа дейінгі температурада сақталуы тиіс. АКБ қоршаған орта температурасы өте жоғары (+50 °С-тан жоғары) және өте төмен (-30 °С-тан төмен) болған кезде ұзақ уақыт пайдалануға шыдамайды. Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз, сондай-ақ оны жылу көздеріне, мысалы, электр жылытқыштарға тікелей жақын жерге қалдырмаңыз.

3. Зақымдану іздері бар АКБ-ларды бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз.

Ешбір жағдайда АКБ-ны өзіңіз бөлшектемеңіз және олардың элементтерін өзіңіз зарядтамаңыз, мұны білікті мамандар жасауға тиіс. Элементтердің тесілуі немесе майысуы ішкі қысқа тұйықталуға, кейін тұтануға және жарылуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусы ашылған кезде элементтің ішіне су түсуі мүмкін немесе атмосфералық ылғал сұйықталуы мүмкін, бұл сутегі бөліп шығаратын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін. Зақымдалған АКБ адамның денсаулығы үшін зиянды заттар бөледі.

АКБ штаттық режимде жұмыс істеуін тоқтатқан, қандай да бір себеппен пішіні өзгерген (ісініп кеткен, солып қалған) жағдайда, авторландырылған сервис орталығына дереу хабарласу керек.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: АКБ жұмыс уақыты көптеген факторларға байланысты; шынайы жұмыс уақыты осында көрсетілгенге сәйкес келмеуі мүмкін. АКБ зарядтау циклдарының саны шектеулі болуы мүмкін және біраз уақыт өткеннен кейін ауыстыру қажет болуы мүмкін (АКБ-ға берілген шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз).

АКБ-ның жұмыс уақыты пайдалану режиміне және теңшелімдерге байланысты болады.

Аккумулятормен жұмыс істеу кезіндегі сақтық шаралары

- Көзге көрінетін зақымданулар болған кезде, әдеттен емес жылу немесе иіс пайда болған кезде аккумуляторды пайдаланбаңыз. Құрылғыны пайдалануды дереу тоқтатыңыз да аккумулятордан бөлінген шығарындыларға тиіменіз. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
- Аккумуляторды өзіңіз бөлшектемеңіз, ашпаңыз, ауыстырмаңыз. Аккумуляторды тек білікті мамандар ауыстыруы тиіс.
- Аккумулятор толықтай зарядталмайынша, зарядтау құрылғысын ажыратпаңыз.
- Қатты зарядсыздануын болдырмаңыз. Аккумуляторды оның заряд деңгейі қалдық зарядының 40 %-не дейін түспей тұрып зарядтаған жөн.
- Суымаған аккумуляторды зарядтамаңыз. Аккумуляторды зарядтамас бұрын, әр атқарылған сағат үшін 15 минут құрылғыны суытып отырыңыз.
- Аккумулятордың шамадан тыс зарядталуына жол бермеңіз, оны қуат желісіне қосулы күйінде 24 сағаттан ұзақ уақытқа қалдырмаңыз.
- Аккумуляторды кем дегенде айына бір рет зарядтаңыз.
- Аккумуляторды зарядтау ересектердің бақылауымен жүзеге асырылуы тиіс.


Құрылғының схемасы




1. Рұль.
2. Рұль тірегінің биіктігін реттегіш.
3. Тірек фиксаторы.
4. Алдыңғы дөңгелек.
5. Рұль тірегінің биіктігін теңшеу батырмасы.
6. Жылдымдық ауыстырғыш.
7. Жарықтандыру.
8. Аяқ тежегіші.
9. Зарядтауға арналған порт.
10. Мотор-дөңгелек.

Құрылғыны құрастыру


1. Рульді суретте көрсетілгендей етіп, тірекке бекітіңіз.



2. Руль тірегін құрылғының платформасына орнатыңыз, бұрамаларды тиісті тесіктерге бұрауыш көмегімен бұрап кіргізіңіз.




3. Тірек фиксаторын бағыттауышпен көрсетілген бағытқа қарай бұрап тартыңыз.





Тірек биіктігін реттеу

1. Руль тірегінің биіктігін реттегішті бағыттауышпен көрсетілген бағытқа қарай босаңсытыңыз.



2. Тірек биіктігін теңшеу батырмасын басып, рулінен ұстап тұрып тіректі қажетті биіктікке тартып шығарыңыз да реттегішті тартып бекітіңіз.



Пайдалану

Жұмысты бастау

Рульді екі қолмен ұстап тұрып, сәл алға қарай итеріліңіз. Бір дыбыстық сигнал ағымдағы жылдамдықтың 4 км/сағ құрайтынын, екі дыбыстық сигнал - 6 км/сағ, үш дыбыстық сигнал - 8 км/сағ құрайтынын білдіреді.

Берілістерді ауыстыру

Берілісті ауыстыру үшін жылдамдық басқысын қатарынан 5 рет басыңыз.

Автосөндіру

Құрылғы 15 минут ішінде ешқандай әрекет жасалмаса, автоматты түрде сөндіріледі. Құрылғыны қосу үшін аяқпен итеріліңіз.

Жарықтандыру

Мотор іске қосылғаннан кейін көк жарық қосылады, содан кейін 7 түспен ауысады, сөндіріледі және басқыны басқан кезде қайтадан қосылады.

Жүргізу

Рульді екі қолмен ұстап тұрыңыз, бір аяғыңызды газ басқысына қойыңыз, ал екінші аяғыңызбен еденнен итеріп жылжып кетіңіз.

Тежеу

1. Тоқтау үшін аяқ тежегішін басыңыз.
2. Құрылғыны тоқтату үшін газ басқысынан аяғыңызды алыңыз.

Жылдамдықты арттыру

Жылдамдық 8 км/сағ-тан асқан кезде құрылғы үздіксіз дыбыс сигналын шығарады, самокат зақымдалмас үшін қозғалысты баяулатыңыз.

Зарядтау

1. Порттың бітеуішін ашып, зарядтау құрылғысының коннекторын салыңыз.
2. Зарядтау құрылғысын электр желісіне қосыңыз.
3. Зарядтау кезінде ЗҚ-ның жарық индикаторы қызыл түспен жанып тұрады, ал зарядтың ең жоғары деңгейіне жеткенде жасыл түспен жанады.
4. Зарядтау құрылғысын желі мен электрсамокаттан ажыратыңыз, порттың бітеуішін нық жабыңыз.

Ескерту: батареяның заряд деңгейі төмен болған кезде құрылғы үздіксіз дыбыс сигналын шығарады. Батареяны зарядтаңыз.

Тазалау және күтім жасау

- Құрылғыны ластанулардан жұмсақ мата көмегімен ұдайы тазартып жүріңіз.
- Өрескел жуғыш заттарды, абразивтерді, химиялық тазалау құралдарын, еріткіштерді, спиртті пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны тазалау мақсатында оны суға батырмаңыз.
- Құрылғының шиналары тозуға төзімді; шиналар тозған немесе олардың зақымдалғаны анықталған жағдайда оларды ауыстыру үшін авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз.

Жиынтықталымы

- Электрсамокат.
- Зарядтау құрылғысы.
- Бұрандаларға арналған кілт.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Кепілдік талоны.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	Kid
Дөңгелектер диаметрі	Алдыңғысы 4,5'', артқысы 3,5''
Қозғалтқыштың қуаты	80 Вт
Акумулятор	Li-ion, 2000 мАсағ, 21.6 В
Зарядтау құрылғысы	Кіріс: 220-240 В, 1 А, 50-60 Гц
	Шығыс: 25.2 В, 1.0 А
Максималды жылдамдығы	8 км/сағ
Максималды жүктеме	50 кг дейін
Жүріс қоры	5-8 км (жүктемесіне және жылдамдығына қарай)
Максималды көтерілу бұрышы	5°
Жақтауының материалы	Алюминий қорытпасы, пластик
Жарықтандыру	Корпусты пен алдыңғы дөңгелектің LED жарығы
Тежеу жүйесі	Аяқ тежегіші
Зарядтау уақыты	3 сағатқа дейін
Жылдамдық режимдері	4-6-8 км/сағ
Өлшемдері (Ұ x Е x Б)	70 x 34 x 74/80/86 см.
Нетто салмағы	4.7 кг

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы құрғақ жерлерде сақталуы және тасымалдануы тиіс. Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, лас, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Читадо Тэкнолоджи Ко., Лтд.

№1 1800112 ғимарат, Дафу өнеркәсіптік ауданы, ФуКэн Комьюнити, Гуаньлань, Лунхуа ауданы, Шэньчжэнь қ., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының КО ТР 008/2011 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жиынтықталуы алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі адрес:

www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

www.dexp.club